

Нұра ауданының Мұзбел ауылы аумағында шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

Күші жойған

Қарағанды облысы Нұра ауданы Мұзбел ауылының әкімінің 2021 жылғы 29 қарашадағы № 6 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 7 желтоқсанда № 25593 болып тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Нұра ауданы Мұзбел ауылының әкімінің 2021 жылғы 13 желтоқсандағы № 7 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Нұра ауданы Мұзбел ауылының әкімінің 13.12.2021 № 7 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 - бабының, Қазақстан Республикасының "Ветеринария туралы" Заңының 10-1- бабының 7) тармақшасын басшылыққа ала отырып және Нұра ауданының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2021 жылғы 22 қарашадағы № 02 -13-672 ұсынысы негізінде, ШЕШТІМ:

1. Ұсақ мүйізді малдың арасынан оспа ауруының анықталғанына байланысты, Нұра ауданының Мұзбел ауылы аумағында шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім оның алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Мұзбел ауылының әкімі

Е. Абаев